



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қолданылған әдебиет

1. Левый И. Искусство перевода. – М.: Прогресс, 2004.
2. Федоров А. Искусство перевода и жизнь литературы. – Л.: Советский писатель, 2003.
3. Алексеева И. С. Введение в переводоведение. Учебное пособие. Серия: Высшее профессиональное образование, 2008.
4. Алдашева А. М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999.
5. Борисова Л. И. Перевод неологизмов с английского языка на русский в научно-технических текстах. – М.: ВЦП, 2006.
6. Борисова Л. И. Пособия по научно-техническому переводу (методологический обзор). – М.: МПУ, 2000.

УДК 347.78.034

ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Сыдыкова Жансая Амангелдиевна

zhan_happy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – З.М. Сагадиева

Адамзаттың рухани дамуының әр түрлі сатыларында қалыптасқан наным-сенімдер мен діндерден, бүкіл әлем халықтарының әдет-ғұрыптарынан, салт-саналарынан және тілдерінен орын алған сан-алуан тыйымдар немесе табу этнолингвистикалық құбылыс ретінде ғылыми әлемнің назарын өзіне ертеден-ақ аударып келген.

Табудың шығуын, таралуын және түрлерін этнографиялық тұрғыдан бүкіл әлемдік деңгейде зерттеушілердің бірі – ағылшындардың Эдуард Тэйлор бастаған антропологиялық мектебінің ірі өкілі Джеймс Фрэзер болатын. Ғалымның он екі кітаптан тұратын «The Golden Bough» («Алтын бұлақ») атты ірі ғылыми еңбегінің екінші томы дүние жүзі халықтарының мәдениетіндегі жалпы табу мәселесіне арналған. Онда Дж. Фрэзер табу атаулыны үлкен-үлкен төрт топқа бөліп, біріншіге – тыйым салынған іс-әрекеттерді, екіншіге – адамдарды, үшіншіге – заттарды, ал төртінші топқа тыйым салынған сөздерді жатқызады. Тыйым салынған сөздер де табудың басқа топтары секілді тек этнографиялық тұрғыдан ғана қарастырылады. Ал табу сөздерді алмастырып отыратын эвфемизмдерге нақты мысалдар келтірілгенмен, оларға лингвистика тұрғысынан жете талдау жасалмайды. Дж. Фрэзердің аталған еңбегі кейіннен орыс тіліне де аударылып басылды. Бірақ оның көлемі түпнұсқаға қарағанда әлдеқайда қысқарып, төрт-ақ кітап болып шықты. Сондақтан да болар, ондағы табу сөздермен байланысты мәліметтер де түпнұсқадағы мөлшерден көп азайып қалған [1].

Тарихи тұрғыдан, табу атаулының барлығы делік діни наным-сенімдердің негізінде қалыптанғандықтан, алғашқыда оларды теология тұрғысынан қарастыратын ғылыми еңбектер басымдау болды. Мысалы, Ф. Б. Джевонздың «An Introductio to the history of Religion» («Дін тарихына кіріспе») немесе В. Р. Смиттің «Religion of the Semites» («Тотемизм және экзогамия») деп аталатын еңбектері солардың қатарына жатады. Жоғарыда есімі аталған Дж. Фрэзер де табуды діни нанымдармен байланыстыра қарастырды. Мәселен, оның «Totemism and Exogamy» («Тотемизм және экзогамия») деп аталатын монографиясы да дәл сондай еңбектердің бірі. Ғалым бұл зерттеуінде тотемге табынудың ертеректе өте кең таралған наным екендігін жан-жақты дәлелдеумен қатар, сол нанымның, яғни тотемизмнің негізінде қалыптасқан дүние жүзі халықтарының басым көпшілігіне тән некемен байланысты тыйымдардың сан-алуан түрлеріне тоқталады. Ол тыйымдардың ішінде түркі халықтарына

қатысы бар құнды деректер де кездеседі.

Табумен байланысты ғылыми еңбектердің ішінде ерекше орны бар зерттеулердің бірі – Франц Б. Стайнердің «Табу» деп аталатын шығармасы. Ғалым бұл еңбегінде белгілі бір жаңалық ашпағанымен Р. Смит, Дж. Фрэзер, З. Фрейдтің табу жөнінде жазған зерттеулеріндегі кемшіліктер мен олқылықтарды сынай отырып, өз ойын ортаға салады [2].

Үндіеуропа тарихи тіл білімі саласында табу сөздердің маңызды орын алатыны жөнінде алғаш құнды пікір айтқан белгілі лингвист А. Мейе болатын. Ғалым «*Quelques hypotheses sur des interdictions de vocabulaire dans les langues indo-europeennes*» деп аталатын еңбегінде кейбір үндіеуропа тілдеріндегі аю, жылан, тышқан, түлкі, аққалақ, қоян сияқты жануарлардың ескі атауларының жойылып кетуінің ең басты себебі табуда, яғни тыйымдарда жатқандығына назар аударады. Мәселен, А. Мейенің топшылауынша, славян, балтық герман тілдеріндегі «аю» деген ұғымды білдіретін «медведь» (орысша), «Bar» (немісше), «bear» (ағылшынша), «lokys» (литваша) сияқты сөздердің барлығы да эвфемизмдер, ал аюдың латын тіліндегі «orso», испан тіліндегі «oso», грек тіліндегі «arktos» және басқа тілдерде кездесетін үндіеуропа бір түбірден тарайтын байырғы атауы славян, балтық, герман тілдерінде табуға айналғандықтан қолданыстан мүлдем шығып қалған, сақталмаған. Осы тұста үндіеуропа тілдеріндегі табуды лингвистика тұрғысынан салыстыра қарастыратын Вильгельм Хаферс пен М. Гуериостың ғылыми жұмыстарын ерекше атап өткен жөн. Олардың біріншісі неміс тілінде, ал екінші испан тілінде жазылған [3].

Ал түркі халықтарының мәдениетінен, атап айтқанда, наным-сенімдерінен, мифологиялық дүние-танымдарынан, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан орын тепкен сан-алуан тыйымдардың, сол сияқты олардың тілдеріндегі табу сөздер мен эвфемизмдердің зерттелу жайына келетін болсақ, бұлар да ғалымдардың назарынан тыс қалмаған мәселе екенін атап айтқан жөн. Алайда о баста аталмыш халықтардың тегі, тілі, діні бір болғанымен, келе-келе олардың ұрпақтары бастапқы ортақ мекеннен жан-жаққа қоныс аударып, бірте-бірте одан мүлде алыстап, бір шеті Шығыс Еуропаға дейін жетсе, екінші қанаты Солтүстік мұзды мұхит пен Тынық мұхитына және Беринг жермойнағын басып өтіп, Америка сияқты орасан зор географиялық кеңістіктен мекен тапты. Арада өткен сан ғасырлар ішінде түркі тектес халықтар бір-бірінен одан да бетер алшақтап, тұрмыс-тіршілігі де, мәдениеті де, тілі де өз бетімен оқшау дамып келді. Міне сондықтан да бұл күнде олардың тілдерінде, әдет-ғұрыптарында, наным-сенімдерінде, яғни жалпы мәдениетінде өткеннен қалған ортақ ұқсастықтармен қатар, «әр елдің әр басқа, иттері қара қасқа» демекші, айырмашылықтар мен ерекшеліктердің бар екенін естен шығармаған жөн.

Түркі халықтарының этнографиялық тыйымдары, тілдеріндегі табу мен олардың орнын басып, ауыстырып отыратын эвфемизмдеріне қатысы бар ғылыми жұмыстарға шолу жасағанда, лингвистикалық тыйымдардан гөрі, этнографиялық тыйымдар ғалымдардың назарына ертерек шалынғаны байқалады. Мәселен, түркі халықтарына тән тыйымдар, атап айтқанда, тотемдік нанымдармен байланысты қалыптасқан табу жайлы мәліметтер 1247-1318 жылдар арасында өмір сүген, Шыңғысханға дейінгі түркі халықтарының тарихын алғаш рет қағазға түсірген, бүкіл әлемге танымал, ғұлама ғалым Рашид-Ад-Диннің «Джами ат-таварих» («Жылнамалар жинағы») деп аталатын парсы тілінде жазылған құнды еңбегінде берілген.

Түркі халықтарының тотемдік нанымдары мен тыйымдарына байланысты құнды деректерді, сонымен қатар, С. П. Толстов, Д. Е. Хайтун, Н. А. Алексеев, Л. Расони, Г. Н. Топанин, А. Золотарев сияқты ғалымдардың еңбектерінен де кездестіруге болады. Бұлармен қатар Оңтүстік Сібірді мекен ететін тувалықтар, алтайлықтар, шорлар т.с.с. түркі халықтарының тотемдік нанымдарына тікелей қатысы бар материалдар «Традиционные мировоззрение тюрков Южной Сибири. Человек. Общество» деп аталатын еңбектен де табылады [4].

Табу атаулының о баста әр түрлі діни наным-сенімдердің негізінде пайда болғанының жан-жақты дәлелдерін дүниежүзі халықтарының мифологиялық танымдарынан да өте айқын байқауға болады. Өйткені мифтердің қалыптасуына да анимистік, магиялық, тотемдік және шамандық ескі нанымдармен қатар, осы заманның ең көп тараған буддизм, христиан, ислам,

иудаизм және басқа да діндері үлкен әсер еткен.

Діни наным-сенімдерінің, мәдениеттерінің, тілдерінің әр түрлі болып келетініне қарамастан, көптеген халықтардың, оның ішінде түркі халықтарының да мифологиялық кейіпкерлері бір-біріне ұқсас болып келеді және олардың, тура атаулары табу сөздердің тобына жататындықтан, ондай атаулардың орнын эвфемизмдер басып отырады.

Мәселен, мұсылман құдайының тура атауына тыйым салынған. Өйткені мұсылман құдайының атын білдіретін «Алла» деген атау араб тіліндегі «илах» деген сөзден туындайды. Ол «құдай» деген ұғымды білдіретін сөзге белгілі артикльдің қосылуы арқылы жасалып, «мына құдай» деген ұғымды білдіреді. Демек, «илах» - әуел баста тура атауына тыйым салынған құдай есімінің орнына қолданылып тұрған эвфемизм. Бұл жай айтыла салған негізсіз жорамал емес, оның дәлелі мифологиялық сөздіктегі Алла туралы аңызда тұр.

Сөз магиясына сену мен әр түрлі әлеуметтік себептердің негізінде қалыптасқан тыйым салынатын сөздер мен эвфемизмдердің ерекше бір тобы ауру атауларымен байланысты. Бұл – көптеген халықтарда кездесетін өте кең таралған этнолингвистикалық құбылыстардың бірі. Әсіресе, оба, шешек, қызылша, безгек, топалаң, мәлік т.с.с. тез тарайтын әрі малдар мен адамдарды жаппай қырғынға ұшырататын қатерлі дерттердің атын атау сол ауруларды шақырады немесе олардың иесін шамдандырады деген үрей мен қорқыныштан туындаған анимистік әрі магиялық нанымдар ертеректе жиі кездескен. Соның садларынан ондай ауру-індеттердің тура атаулары табуға айналып, ендігі жерде ондай атаулар, яғни сөздер айналымнан шығып, олардың орнын эвфемистік бүркенші атаулар басып отырған.

Ертеректе қазақ арасында қызылша секілді шешек ауруы тура аталмаған. Бұл қатерлі дерттен адам жаппай қазаға ұшырап, немесе тірі қалған күннің өзінде де, көбінесе кемтар болып қалатындықтан, оны қатерлі ауруға балап, тура атауының орнына «мейман», «қонақ», «қорасан» немесе «әулие» сияқты эвфемистік бүркенші атауларды пайдаланатын болған.

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген материалдар атауларына діни нанымдар мен соқыр сенімдер немесе басқа әлеуметтік себептердің негізінде тыйым салынған ауру атаулары мен олардың орнына қолданылатын эвфемизмдерді жан-жақты сипаттай алады деп есептейміз. Ал бұл мәселеге қатысты эвфемизмдердің жасалу жолдарына мән беретін болсақ, біріншіден, қай мәдениетте кездеспесін оларды тудыратын себептер, негізінен, өте ұқсас болып келетінін, екіншіден, табуға айналған атауды алмастыратын эвфемизмдердің қызметін есімдіктер, туыстық қарым-қатынасты білдіретін терминде, қатерлі дерттердің айрықша белгілерін сипаттайтын сөздер, бөтен тілдерден енген кірме сөздер, кейбір халықаралық медициналық терминдер, табуға айналған атаумен синонимдес жеке сөздер мен сөз тіркестері атқаратынын атап айту қажет.

Қолданылған әдебиет

1. Дж. Фрэзер – “Золотая ветвь. Исследование магии и религии”/”The Golden Bough” – London, 1923
2. Франц Б. Стайнер – “Taboo, truth and religion”, 1999 - October
3. А. Мейе – “Introduction a l’etude comporative des langues indo-europeennes” – 1903/ “Введение в сравнительное изучение индоевропейских языков”, 1938. 3-е изд
4. “Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Человек. Общество” / Львова Э. Л., Октябрьская И. В., Сагалаев А. М. – Новосибирск: Наука. Сиб. Отд-ние, 1989

ӨОЖ: 811.512.122=03.811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ДИАЛЕКТИЗМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРМАДА ЖЕТКІЗУ

Табулдин М.А.

meretabuldin@mail.ru

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің студенті, Семей, Қазақстан